

"Елді мекендердің көшелеріне атау беру туралы" 2008 жылғы 16 маусымдағы № 7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Кеңестуы ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 13 шілдедегі № 13 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 04 тамызда № 5024 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына сәйкес, Кеңестуы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кеңестуы селолық округі әкімінің мемлекеттік тіліндегі "Елді мекендердің көшелеріне атау беру туралы" 2008 жылғы 16 маусымдағы № 7 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-10-72 болып тіркелген, 2008 жылғы 23 шілдеде аудандық "Темір" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген мемлекеттік тіліндегі шешімнің деректемелерінде және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосының" сөздері "ауылдық", "ауылының" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кеңестуы ауылдық округінің әкімі

С. Тұранов